

ИНВЕСТИЦИЯ И НЕМЕН ҚҰДЫҚ ҚАЗҒАНДАЙ...

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

ҚИЫНДЫҚТАРҒА ҚАРАМАСТАН ДӘН СЕУІП ЕРЛЕГЕН



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Сырдария ауданындағы «Мағжан және К» ЖШС-нің егіс алқабында өткен «Дала күні» семинар-кеңесі дән себу рәсімімен басталды.

Биылғы алғашқы дән себу рәсіміне Парламент Мәжілісінің депутаттары М.Әбенев, М.Жайымбетов, М.Ергешбаев, Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің төрағасы А.Жақанбаев, Қазақстанның Еңбек Ерлері А.Ералиев, И.Шағыртаевтар арнайы қатысты. «Дала күні» семинар-кеңесінде сөз сөйлеген облыс әкімі Н.Нәлібаев:

«Ауыл шаруашылығы – облыс экономикасының негізгі саласының бірі. Күріш – аймақтың табиғи ерекшелігіне, ауа-райы мен топырақ құрамына бейімделген негізгі дақыл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін алдағы 5 жылда екі есе арттыру жөнінде тапсырма берді. Биыл Үкімет мақұлдаған егіс көлемі 187 мың гектар. Жыл басында Су ресурстары және ирригация министрлігі күріш көлемін едәуір

Биыл өңірде 187,5 мың гектарға егін, оның ішінде 78,3 мың гектарға күріш егу жоспарлануда. Өткен жылмен салыстырғанда жалпы егіс көлемі 5,8 мың гектарға, ал күріш көлемі 10,8 мың гектарға тұрақтандырылып, суды аз қажет ететін малазықтық, майлы дақылдар мен картоп, көкөніс көлемін арттыру көзделуде. Аймақта көктемгі дала жұмыстары агротехникалық талаптарға сай мерзімінде жүргізілуде. Қазір 32,2 мың гектар жерге ерте егілетін дақылдар орналастырылды. Кей шаруашылықтар енді күріш егу мен суға бастыруға 15 сәуірден ішінара кіріскен, бүгін науқан жаппай басталды. Қажетті тұқым қоры толық, 63,6 мың тонна тыңайтқыштың 59,7 мың тоннасы әкелінген, қалғаны қажеттілікке сәйкес алынады. Сондай-ақ, 3 799 ауыл шаруашылығы техникасы толығымен жөндеуден өткізіліп, егін егуге қатысуда. Көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін облысқа Үкімет тарапынан арзандатылған бағамен 12,9 мың тонна дизель отыны бөлінді. Шаруашылықтарға егін егуге 26,7 млрд. теңге керек болса, бүгінгі күнге 25,6 млрд. теңгесі қаржыландырылды.

азайту жөнінде ұсыныс берді. Мұның алдында 2022 жылы 64 мың гектарға дейін қысқарту жөнінде шешім қабылданған. Діқандардың жағдайын ескеріп, Мемлекет басшысына тиісті ұсыныстармен шыққан Физат Әбілтай және «Сұңқар Эвикен Ин-тернейшл ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Азат Бетекбаев өзара әріптестік орнатуды көздейтін құжатқа қол қойды. Аталған меморандум – ауыл шаруашылығын цифрландырудағы алғашқы қадам.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында 2040 жылға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін екенін атап өтті. Бүгінгі су тапшылығы жағдайында су үнемдеу технологияларын өндіріске енгізу және егісті әртарапандыру өте маңызды. Сондықтан, күріш егісінң көлемін тұрақтандырып, атыздарды лазермен тегістеуіміз қажет. Бұл суды 20 пайызға дейін үнемдеуге, өнімділікті 30 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, олар өндіріске жаңа технологияларды, оның ішінде дрон қондырғыларын кеңінен пайдалануда. Егістікке тыңайтқыштар мен пестицидтер беруде дрон пайдалану экономикалық тұрғыда тиімді. Сондықтан, біздің аймақта да осы тәжірибені енгізуді қолға алу қажет», – деді аймақ басшысы.

Сонғы жылдары аймақта жергілікті тұрғындар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен өз-өзін қамтамасыз етуі үшін егістік жер дайындалып берілуде. Сәтті іске асқан жоба биыл да жалғасын таппақ. «2022 жылы егіс егуге ынталы отбасыларға 1,8 мың гектар жер берілді. Облыс тұрғындары бұл бастамаға аса жоғары қызығушылық танытып, сұраныс артты. Өткен жылы да 5 500 отбасыға ауылдардан 3 300 гектар жер дайындалды. Бұл қадам әр үйдің өз-өзін азық-түлікпен қамтамасыз ету, отбасы бюджетін еселеу мүмкіндігін арттырды.

Қажет болса, тұрғындарға арнайы техникалармен атыздарды тазалауға, жеке көкөніс сақтау қоймасын қазуға қолдан келгенше көмектесу қажет. Үлескерлердің жерін пайдаланатын шаруашылықтар да бұл жұмыстарға ынталы болуы тиіс», – деді аймақ басшысы. Нұрлыбек Машбекұлы қала, аудан әкімдеріне жер дайындауға баса мән беріп, жұмысты ұтымды ұйымдастыруды тапсырды.

Семинар-кеңес соңында Қытай инвесторлары өкілдерінің қатысуымен «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Физат Әбілтай және «Сұңқар Эвикен Ин-тернейшл ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Азат Бетекбаев өзара әріптестік орнатуды көздейтін құжатқа қол қойды. Аталған меморандум – ауыл шаруашылығын цифрландырудағы алғашқы қадам.

Сонғы жылдары Сыр бойында туған жерін түлеткісі келетін перзенттер қатары көбейіп келеді. Мемлекет басшысының осы тараптағы шақыруы әсер етті, әлде басқалай да бір себебі болды, не болғанда да қызылордалықтар «Туған жерге тағзым» аясында жасалып жатқан жақсы істерге қарық болып қалды. Оның үстіне сырбойылықтар жылдар бойы армандаған қажеттіліктерді іске асырып, орындап жатқан іскер азаматтар, кәсіпкерлер қаншама! Солардың арқасында көпқабатты көп үйлердің көше жақ беттері жаңарып, жақсарып қалды. Үй аулалары, балалар ойын алаңдары, спортпен айналысатын әдемі орындар салынып, сәніміз келіп қалды.

Ресми ақпараттарға сүйенер болсақ өткен жылы бюджеттен тыс көздерден жүзеге асқан 37,5 млрд. теңгенің жобалары осылардың арқасы. Бір жылға салынған аз қаржы емес.

Тұрғылықты халықтың алдындағы парызын өтеуді мақсат етіп, болмаса жергілікті биліктің сөзін жерге тастамай, сыйлап болса да, осынша қаржы көлеміндегі жобаларды жүзеге асырғандар бұрын қайда болған деген сұрақтың бары да рас...

Әйтпесе «Аналарға тағзым» үйін салуға 1 млрд. 700 млн. теңге қаржы берген кәсіпкер бұған дейін де Қызылорда қаласында тұрды емес пе? Сондай бір киелі, әдемі ғимарат салып «Аналарға тағзым» етуге неге бұрын құлықсыз болды екен деп ойланасың... Не болғанда да қалталы жандар қос-қостап үй салатын, отбасы мүшелері бас-басына көлік мінітетін, қаржысы одан көп болып бара жатса асыл тас, шүберекке жұмсайтын жеке бас мүддесінен асып, елдің игілігіне қаржы салуға шықты.

Бүгінгі күні Болат Өтемұратовтың қоры арқылы салынып жатқан «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалы сонау 2000-шы жылдардың қиын кезеңінде жоқтан бар жасағандай болып, ұшақтардың гаражы – ангардан әуежай жасағандардың түсіне де кірмегені анық. Одан беріде Қызылорда қаласының орталығынан аппақ «Ақмешіт» мешітін салған Өтемұратов әуежай салып береді деп ешкімнің де дәметпегені анық.

Жалпы «Қорқыт Ата» әуежайы терминалы жобасының жалпы құны 20 млрд. теңге. Оның 4,3 млрд. теңгесі жергілікті бюджеттен инфрақұрылым жасауға, абаттандыруға қаралған. Соның өзінде де қор қаржысынан шығып тұрған 15 млрд. -тан астам ақша біздің өңір үшін аз инвестиция емес.

Тықылдаған тілі жаңылмайтын компастай заман бағытын дәл бағамдай білетін Б.Өтемұратовтың Қызылорданың әуе қақпасын «көкке жеткізуге» көп қаржы жұмсап жатқаны тек болмаса керек. Демек, Қызылорда болашағы бар. Қазірдің өзінде де жер сілкінісінен, су тасқынынан қауіпсіз қалалардың бірегейіне айналып отырған Қызылорданың денсаулық, білім, тұрмыстық қызмет саласына қаржы салып отырған «өзге қалалық» инвесторлар қатары көбейіп келеді.

Аймағымыздың әуе қақпасымен қатар теміржол қақпасын да демеушілер көмегімен жаңарту – өншейін бір тек әсемдікке құмарлық қана емес. Өңірдегі теміржол арқылы күндіз-түні поезбен жүйтігінен жолушыларға «Театр киім ілгіштен басталады» дегендей өзгерген өңірдің жаңа өңінен, жақсарған әл-ауқатынан хабар беру, тасымақ қызметін тартымды ету, сырттағыларды «мұнда да жақсы өмір бар» деп шақыру.

Өткен жылдың желтоқсан айында аймақ басшысының қатысуымен «КазГермунай» компаниясының демеушілігімен құны 2,3 млрд. теңге болатын заманауи үлгідегі Оқушылар Сарайының іргетасы қаланды. Керегін ала білгенімен беруді біле бермейтін компанияның бұл қомақты қаржыны оңайлықпен бермесі, оны келісімге келтіру үшін біраз күш-қайрат жұмсалғаны анық.

Ресми мәліметтерге зер салсақ 2023-ші жылы туған жерім дейтін перзенттердің, не болмаса кәсіп істеп, нан жеп отырған елім дейтін кәсіпкерлердің жүзеге асқан жобасы 37,5 млрд. теңгеге жетті.

Тағы бір ресми деректерге зер салар болсақ, «былтыр облысқа барлық көздерден жарты триллионға жуық инвестициялар тартылған. Оның 73%-ы жеке инвестициялар екен.

Тағы бір ресми ақпараттарды сөйлетер болсақ: «өңірдегі мұнай қорының төмендеуі салдарынан соңғы 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі көлемі 2022-ші жылдың қыркүйек айынан бастап оң динамикаға шыққан. Өсім өңдеу өнеркәсібі есебінен қалыптасқан. Нәтижесінде өңдеуде өсу қарқыны бойынша 2022-ші жылы республикада 11-орында тұрған Қызылорда 2023-тің жыл соңына 1-ші орынға көтерілді».

Жалпы облыс әкімінің әр күнінің сағат, минуты бос емес. Ресми ақпараттар бойынша байқалатынындай әкім қабылдауына кіргісі келетін тұрғындардың көптеді сияқты әкім кездескісі, келісім шарт жасасқысы келетін отандық және шетелдік инвесторлар да жетерлік. Бүгін әкім бәлен деген кәсіпкерді, немесе шетелдік мейманды қабылдады деген ақпарат жарияланғаннан соң, көп ұзамай сол кәсіпкердің аймақ дамуына деп бәлен миллион, миллиард қаржы аударғанын, немесе белгілі бір шетелдік компаниямен бәлен миллиардқа ұзақ мерзімді келісім шартқа отырғанын біліп отырамыз.

Биылғы ақпанның орта шенінде Үкімет басшысы О.Бектенов жергілікті әкімдерге инвестиция тарту бойынша нәтижелі жұмыс жасауды тапсырды. Артынаша өткен облыс әкімдігінің жиынында облыс әкімі Н.Нәлібаев: – Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдерге инвестиция тарту бағытындағы жұмысты жандандыруды тапсырды. Біз соңғы 2 жыл қатарынан инвестиция индикаторын артығымен орындадық, биыл да алдымызға ауқымды міндет қойдық. Былтыр өңірімізде негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 486,5 млрд. теңгені құрап, жоспар 62 млрд. теңгеге артық орындалды. Биылға бекітілген индикатор 517,5 млрд. теңге, – деді.

Қазір жергілікті биліктің бар бағыты облыста отандық және шетелдік инвесторлардың жобаларын сүйемелдеуге, олардың туындаған мәселелерін шешуге, тартылатын инвестиция көлемін арттыруға бағытталған. Сол үшін де инфрақұрылым жаңартылууда. Сырттағы инвесторлар бизнеске қаржыны салып, бақылап отырмай, олардың осында, қысқы бет қаритын суық желін былай қойғанда, жазда ыстығы аптап Қызылордада тұру үшін қала көркі жаңарып, көшелері жаңғырып, ауыз су, жарық, газ мәселелері шешілумен қатар қолайлы бизнес үйлер де салынууда.

Биылғы жылдың алғашқы айы – қаңтардағы Қызылорданың қарқыны қатты болды. Барлық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша өңірлер арасында бірінші орынға шықты. Өңдеу өнеркәсібі өрлеген, ауыл шаруашылығы дамыған, құрылысы қарқынды, тұрғын үй беруде алдына жан салмайтын, саудасы жүріп тұрған, көлік қозғалысы да көп Қызылорда қалған жұртты қызықтырмайды ма? Қызықтырады. Ақша тыныштықтан бөлек өсіп-өнгенді де жақсы көреді. Содан да болса керек, биылғы жылдың бір айында ғана қаңтар айының қорытындысымен қаржыландырудың барлық көздерінен 40,2 млрд. теңге инвестиция тартылып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 32,4%-ға өскен.

Өткен жылы облыс әкімінің қабылдауында болған белгілі «Саутс Ойл» компания басшысы С.Сейтановпен облыс әкімі Н.Нәлібаев арасында тозығы жеткен музыкалық колледжге сол жағалаудан 650 орындық жаңа ғимарат салу жөнінде келісім болған еді. Сол келісімнің жалғасы ретінде биылғы жылдың сәуір айының ортасында музыкалық колледж ғимаратының іргетасы қаланды. Сәуірде іргетасы қаланған ғимарат құрылысы тамыз айында аяқталып, өнерге, музыкаға құмар жас таланттар жаңа оқу жылын жаңа ғимаратта бастайды деген үміт бар.

Үш қабатты ғимарат құрылысына «Саутс Ойл» 4,8 млрд. теңге қаржы бөліп отыр. Тағы бір жағымды жаңалық: жақында жаңарған Орталық алаң пайдалануға берілді. 1 млрд. теңге бөлген кәсіпкердің қаржысымен өзгерген алаңда көзіміз үйренген сахнадан бөлек, кинотеатр, анықтама бюросы, кафе, тағы да басқа серуенге шыққан тұрғындарға қолайлы жағдай жасалады. Өзірге көзбен көрмесі де көргендей етіп айтушылардың айтуына қарағанда «тып-тыныш жатқан» Орталық алаңды өзгертенімізге еш өкінбейтін боламыз.

P.S. Инвесторлардың қаржысы кімнің қалтасында кетеді дейтін қауіп жоқ. Қазір инвесторлардың бар қаржысы облыстық бюджетке түседі. Мемлекеттік сатып алудан ұтқан мердігер жобаны жүзеге асырады.

2,5 МИЛЛИОН ТЕНГЕДЕН БЕРІЛЕДІ

Женіс күніне орай қызылордалық соғыс ардагерлеріне 2,5 миллион теңгеден беріледі. Мамыр айындағы мерекелерді атап өту мәселелерін талқыланған мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев:

«Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне 2,5 млн. теңге көлемінде төлем төлеу туралы шешім қабылданды. Бұл – біздің аға ұрпақ алдындағы парымыз. Бүгінгі бейбіт өмірімізге қан кешіп жүріп жеткізген жандардың ерлігіне қандай құрмет көрсетсек те артық емес. Өткен жылы қарт майдангерлерге 1 үй, 1 көлік, сонымен бірге 1,5 млн. теңгеден тасталған еді. Биыл да бір ардагерге Қызылорда қаласынан үй берілді. Бұдан да басқа демеушілер есебінен ақшалай және материалдық көмек көрсетіледі. Қала және аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары мерекені атап өтудің жоспарына енген іс-шараларды сапалы әрі мәнді етіп ұйымдастыруы тиіс», – деді аймақ басшысы.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметіне қарағанда, өңірдегі Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ең үлкені 102 жаста. Қызылорда қаласы, Қазалы және Сырдария ауданының әкімдіктері Женіс күні қарсаңында төлемдерді аудару бойынша жұмыстарды ұйымдастыруда.

Ардагерлер сәуір айынан төлем ала бастайды.

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ҮНЕМДЕЙДІ



Сырдария ауданында тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханасы бар «Руханият» орталығының іргетасы қаланды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Сырдария ауданында «Руханият» орталығының іргетасын қалау рәсімі өтті. Аймақ басшысы жаңа нысанның салыну мақсаты, ұрпақтар сабақтастығын сақтауда атқаратын қызметі туралы айтып, Сырдария ауданының даму динамикасына тоқталды.

– Сыр елінің жауһар жәдігерлерін сақтап, келер ұрпаққа жеткізуге, жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеуге және тәуелсіздіктің қасиет-құндылығын ұғындыруға әрбір іміз жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Осы жұмыстарды жүйелі әрі тұрақты негізде, бір орталықтан жүргізу мақсатында барлық 7 ауданда музей, кітапхана, архив, неке кино залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтарын біріктіретін, типтік үлгідегі «Руханият» орталықтарын салу туралы бастама көтеріп, шешім қабылдадық. Бұл – әртүрлі бағытта қызмет көрсететін мекемелерді бір орталыққа оңтайландыру арқылы бюджет қаражатын үнемдеуге, әкімшілік шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін тың жоба. Іргетасы қаланатын нысан Сыр руханиятына қалтқысыз қызмет ететін, алдыңғы буынның өмір жолын ұлықтап, жас ұрпақты тәуелсіздік рухында адал енекке, ізгілікке үндейтін нағыз руханият ордасы болсын!», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Барлық ауданда бой көтеретін «Руханият» орталықтарындағы кітапханалар тәулік бойы жұмыс істейтін болады.

МАСЫЛДЫҚ КІМ-КІМГЕ ДЕ ЖАРАСПАЙДЫ...

Осы аптаның сейсенбісі күні қала әкімі Серік Қожаниязовтың төрағалығымен қала әкімдігінің кезекті аппарат мәжілісі өтті. Жиынның күн тәртібінде екі мәселе қаралды.

Бірінші мәселе – «1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні», «9 мамыр – Ұлы жеңіс күні» мерекелерін өткізу және қалалық демалыс паркінің ашылуының дайындық барысы. Жиында атаулы мерекелік іс-шаралар өтетін негізгі орындар нақтыланып, бағдарламасы Президент Әкімшілігінен берілетін Тұжырымдамалар мен нұсқамалар негізінде жасақталмақ. Бұл туралы қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыппар Тажмаханов баяндама жасады. Ол мерекелерге дайындық барысын пысықтады. Өз кезегінде шаһар басшысы тиісті бөлім басшыларына тапсырма берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Әлеуметтік желілермен жұмыс және билборд тұғырларының жай-күйі» туралы қалалық қоғамдық даму бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ерхан Бақбергенұлы баяндап өтті.

Әлеуметтік желілер қоғамдағы өзекті мәселелер мен түрлі тақырыптағы жаңалықтардың талқыланатын ашағы алаңына айналған. Қалалық қоғамдық даму бөлімі осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу үшін интернет-ресурстарда, БАҚ-тарда жарияланған материалдар мен әлеуметтік желілердегі пікірлерге талдау жұмыстарын күнделікті жүргізіп келеді. Бүгінгі күні Қызылорда қаласы әкімдігі мен қала тұрғындары арасындағы байланысты арттыру, барынша ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында «Facebook», «Instagram», «WhatsApp» әлеуметтік желілерінде «Open Qyzylorda» жобасы жүзеге асырылуда. Көрнекі ақпарат құралдары да идеологиялық ақпараттандыру көзі

саналады. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарға ерекше мән берген жөн. Бүгінгі таңда Қызылорда қаласында әкімдікке қарасты 124 тұғырда сыртқы көрнекі ақпарат құралдары (билборд) орналасқан. Тұғырлардағы ақпараттық билбордтар 2023 жылдың маусым айында толық жаңартылды. Сондай-ақ, қыркүйек-қазан айларында Әуежай жолы, Н.Назарбаев даңғылы мен М.Саламатов көшесіндегі тұғырлардың билбордтары толықтай, Сұлтан Бейбарыс көшесіндегі тұғырларға ішінара қайта жаңалау жұмыстары жүргізілді. Негізінен билбордтар жылына 1 рет жаңартылады. Еліміздегі атаулы күндер, мерейтойларды ескере отырып, эскиздік жобасы жасалып, алғашқы нұсқасы үстіміздегі жылдың ақпан айының 15-іне дейін облыстық қоғамдық даму басқармасы мен облыс әкімінің аппаратына ұсынылды. Алайда, осы уақытқа дейін бірнеше рет ауызша сұратылып, жауап берілмегеннен кейін қала әкімінің орынбасары атынан хат жолданып, жауап алынды. Қазіргі таңда облыс әкімдігі таралынан берілген нұсқауларға сәйкес эскиздерге өзгеріс енгізіліп, 22 сәуір күні облыстық қоғамдық даму басқармасына келісу үшін қайта жолданды. Бұдан бөлек қала аумағында жеке кәсіпкерлер таралынан жарнамалық көрнекі ақпарат құралдарын ілуге арналған 127 тұғыр орналасқан. Алайда, ауа-райының қолайсыздығына байланысты жеке тұғырлардағы билбордтар бірінші кезекте жыртылып, қаланың сәулеттік келбетіне және жол қауіпсіздігіне кері әсер ету фактілері орын алуда. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес қалалық қоғамдық даму бөлімімен мониторингтік топ құрылып, жеке кәсіпкерлерге тиесілі тұғырлардың жай-күйін анықтау мақсатында 8-10 сәуір күндері зерделеу жүргізілді. Нәтижесімен бірқатар кемшіліктер анықталып отыр. Атап айтқанда, барлық жеке тұғырлардың тазалығы сын көтермейді. Атап айтқанда

37 тұғырдың түсі оңып кеткен, 32 тұғырға билборд ілінбеген, 3 тұғырдағы билборд ескірген, сондай-ақ, бірнешеуінде байлау сымдары сыртына шығып тұр. Сонымен қатар қала әкімінің тапсырмасына сәйкес бос тұрған 32 жеке тұғырларды жаңарту бойынша қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы әлеуетті өнім беруші тарапынан 6 тұғырға билборд ілу жұмыстары жүргізілуде. Қаладағы жеке тұғырларға жауапты қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі тұғырларды және ондағы ілінген билбордтарға түгендеу жұмыстарын жүргізіп, кемшіліктер анықталған жағдайда дер кезінде қалпына келтіру қажет. Қалалық әкімдікке қарасты тұғырлар мен билбордтардың жай-күйіне, оның ілініп, алынуына жауапты қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар тасымалы және автомобиль жолдары бөлімі болғандықтан мердігер мекемемен бірлесіп үйлесімді жұмыс жасалуы қажет. Өйткені, әлеуетті өнім беруші қалалық қоғамдық даму бөлімі арқылы алмайтын болғандықтан тапсырмаларға немқұрайлы қарайды, деді ол өзінің баяндамасында.

Қала әкімі жиынды қорытындылай келе әлеуметтік желілер арқылы қала тұрғындарымен кері байланыс орнату, түскен сауалдарға дер кезінде жауап беру қажеттігін атап өтті.

Бүгінде тұрғын үй ауаларындағы тазалықтың сақталмауы, өкіреде туындаған ақаулар сынды сауалдармен жиі жүгінетін адамдардың қатары азаймай тұр. Ал тазалық сақтау, не жөндеу шараларын жүргізу тұрғындардың өз міндетінде екендігін білгеннен кейін оны жөндеуге құлықсыздық танытатын да азаматтар бар. Бұл – масылдық көзқарас. Сондықтан мұндай ойды түбегейлі өзгерту керек. Халыққа түсіндіру шараларын арттыру керек, деді қала әкімі.

Мұхаммедшах КАЮП

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

Әр жылда күлімдеген көктеммен бірге аса қауіпті жұқпалы аурулар тобына жататын Конго-Қырым геморагиялық қызба ауруының эпидемиологиялық маусымы да келеді. Яғни осы кезде табиғатта кенелер тез көбейіп, олардың ішіндегі ауру тасымалдаушы кенелер адам денсаулығына қауіп туғызады.

Конго-Қырым геморагиялық қызбасы ауруы немесе көкала – табиғи ошақтық аса қауіпті жұқпалы вирусты инфекция. Бұл аурудың аса қауіптілігі өлім-жітім көрсеткішінің өте жоғары болуында 30-70% аралығында.

Табиғи ортада ҚКГҚ вирусы кенелердің және әртүрлі жабайы жануарлар мен үй жануарларының ағзасында болады. Аурудың негізгі тасымалдаушысы иксод кенелері. Кенелер күннің көзі жылысқаннан жылы қанды жан-жануарларға және адамдарға шабуыл жасайды. Сондықтан адамдар арасында Конго-

Қырым геморагиялық қызба ауруы кенелердің белсенділігі артқан кезде жиі кездеседі, яғни көктемде наурыз-маусым айлары мен күзде қыркүйек-қазан айларында. Ауру кене шаққанда немесе қырым кезінде кенелердің қаны арқылы, не болмаса ауру адамның қанымен жанасқанда жұғады. **Аурудың белгілері:** Конго-Қырым геморагиялық қызбасы немесе халық аузында айтылатын «көкала» ауруы аяқ астынан тез басталады. Басталуы кез келген вирустық инфекцияда болатын белгілермен сипатталады – дене қызуының күрт көтерілуі, бас ауруы, тамаққа төбетінің болмауы, буын мен белдің сырқырауы. Келесі күні лоқсуы, құсуы, іші өтуі, ине салған жерлері көгеруі, беті ісініп, қызаруы мүмкін. Аурудың бірінші белгілері пайда болған жағдайда өлім-жітімді болдырмау үшін емдеуді мүмкіндігінше тез бастау керек. Денеге жабысқан кенені байқаған кезде жақын

орналасқан емхана немесе ауруханаға медкомекке жүгіну керек.

Қорғалмаған қолмен кенені ұстау қауіпті екенін есте сақтаныңыз!

Кенені жалаң қолмен және бірден жұлып алуға болмайды, өйткені кененің тұмсығы қалып қойып, орны іріндеп, жара болуы мүмкін.

Табиғи ошақтықтағы адамдарға кенелердің шабуылынан жеке қорғану үшін арнайы киім кию ұсынылады: калпакты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу және резеңкілі манжетті жеті бар көйлек кию қажет.

Кене малдың үстінде болатындығын ескере отырып, малды алдын ала ерте көктемде кенеге қарсы егіп, мал қоралда кенеге қарсы улау жұмыстарын жүргізу қажет. Мал күтімімен айналысу барысында бөлек арнайы киім пайдаланып, мал қорадан шыққанда оны ауыстыру керек.

Биылғы жылы Жанакорған

ауданы бойынша 18 ауылдық округ пен елді мекен Конго-Қырым геморагиялық қызбасы вирустарын тасымалдаушы кенелерден қолайсыз болып танылып отыр. Осы индеттің алдын алу үшін залалсыздандыру жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес І-ші кезеңі сәуір айынан басталады.

Залалсыздандыру жұмыстары ки-кокыстан тазартылған қора-жайларда жүргізілгенде ғана тиімді болады. Осыған сәйкес қора жайлардың ки-кокыстан механикалық тазартылғаны аса маңызды. Сонымен бірге елді мекендерде ауыл шаруашылығы жануарларын эктопаразиттерге қарсы ветпрепараттармен (ивермек, ивен және т.б) егу өте тиімді. Көктем күзде эктопаразиттерге қарсы екпе жасау кенеден қорғайтын, сондай-ақ түрлі паразитті аурулардың алдын алуға болатынын назарларыңызға ұсынамыз.

Жанакорған аудандық ветеринариялық станциясы

ТҮЗЕТУ

«Ақмешіт ақшамы» ақпараттық-танымдық басылманың 2024 жылғы 11 сәуір №15 (1718) санында жарияланған «Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» КММ-нің ақпараттық хабарламасының қатарларына төмендегі кестеге сәйкес түзету енгізілсін. №5 КАЕ №2 танабы

ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі) коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 13 мамыр сағат 9:00 - ден бастап 2024 жылдың 31 мамыр сағат 19:00 - ге дейін қабылданады. Конкурс өткізілетін орны Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рыскулов көшесі №11 мекен-жайындағы Шиелі ауданының әкімдігінің мәжіліс залы 2024 жылғы 3 маусым күні сағат 10:00 - ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

Кесте

Р/п	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаске -сінің көлемі, га	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бонитет баллы	Өңірдің ауыл-шаруашылығына мамандануы	Сумен қамтамасыз етілуі мүмкіндігі
5	Шиелі ауданы, Бәйтерек а/о №5 КАЕ №2 танабы	88	Шаруа фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Сұр қоңыр	Жайылымы 80 га, басқа алқаптары 8 га	8 балл	Егін шаруашылығын жүргізу үшін	Өз қаражат есебінен бар

ЖОБА

«ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ ГЕОБОТАНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕП-ҚАРАУ НЕГІЗІНДЕ ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ БОЙЫНША ЖАЙЫЛЫМ АЙНАЛЫМДАРЫНЫҢ СХЕМАСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ 22 ҚАРАШАДАҒЫ № 607 ҚАУЛЫСЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде Қармақшы ауданы бойынша жайылым айналымдарының схемасын бекіту туралы» Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 қарашадағы № 607 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 606060лып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

ПРОЕКТ

О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ ПОСТАНОВЛЕНИЯ АКИМАТА КАРМАКШИНСКОГО РАЙОНА ОТ 22 НОЯБРЯ 2017 ГОДА № 607 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ СХЕМЫ ПАСТБИЩЕБОРОТОВ ПО КАРМАКШИНСКОМУ РАЙОНУ НА ОСНОВАНИИ ГЕОБОТАНИЧЕСКОГО ОБСЛЕДОВАНИЯ ПАСТБИЩ»

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах», акимат Кармакшинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Признать утратившим силу постановление акимата Кармакшинского района от 22 ноября 2017 года № 607 «Об утверждении схемы пастбищеоборотов по Кармакшинскому району на основании геоботанического обследования пастбищ» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 6060).

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде Қармақшы ауданы бойынша жайылым айналымдарының схемасын бекіту туралы» Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 қарашадағы № 607 қаулысының күші жойылды деп таңу туралы қаулысының жобасына

№	Түсіндірме жазбада көрсетілуі тиіс мәліметтер тізбесі	Әзірлеуші мемлекеттік органның ақпараты
1	Жобаны әзірлеуші мемлекеттік орган	«Қармақшы ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	Жобаны қабылдау қажеттілігінің негіздемесі	Қазақстан Республикасы «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес
3	Жобаны іске асыруға байланысты болжамды қаржылық шығындар	Жобаны қабылдау жергілікті бюджеттен қосымша шығындарды қажет етпейді.
4	Нақты мақсаттар, күтілетін нәтижелердің мерзімдері және жобаны қабылдаудың болжамды тиімділігі	Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 қарашадағы № 607 қаулысының күші жойылды деп таңу туралы
5	Аудан әкімінің тапсырмасы бойынша басқа ұйымдарда жүргізілген жағдайда қосымша сараптаманың (құқықтық, экономикалық, экологиялық, қаржылық және басқа) нәтижелері	Қажет емес
6	Өзге де мәліметтер	Жоқ

ПОЯСНИТЕЛЬНЫЕ ЗАПИСКИ

к проекту постановления о признании утратившим силу постановления акимата Кармакшинского района от 22 ноября 2017 года № 607 «Об утверждении схемы пастбищеоборотов по Кармакшинскому району на основании геоботанического обследования пастбищ»

№	Перечень сведений, которые должны быть отражены в пояснительной записке	Информация государственного органа-разработчика
1	Государственный орган-разработчик проекта	Коммунальное государственное учреждение «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Кармакшинского района»
2	Обоснование необходимости принятия проекта	В соответствии с пунктом 1 статьи 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах»
3	Предполагаемые финансовые затраты, связанные с реализацией проекта	Принятие проекта не потребует дополнительных затрат из местного бюджета.
4	Конкретные цели, сроки ожидаемых результатов и предполагаемая эффективность принятия проекта	О признании утратившим силу постановления акимата Кармакшинского района от 22 ноября 2017 года № 607
5	Результаты дополнительной экспертизы (правовой, экономической, экологической, финансовой и других) в случае ее проведения по поручению акимата района в других организациях	Не требуется.
6	Иные сведения	Нет.

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

“SABALAK” ЖШС өзінің жұмысының тоқтатылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл поселкесі, Ләззат Асанова көшесі, 6 үй.

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)

Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп
№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күнелігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж
Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

АРНАЙЫ КОМИССИЯ ЖІБЕРІП ТЕКСЕРЕТІН БОЛАМЫЗ

Аймақ басшысы құрылыс сатысындағы нысандар мен жолдардың сапасына қатысты арнайы жедел мәжіліс өткізіп, жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

– «Ел игілігіне қызмет ететін нысандардың құрылыс сапасына асқан жауапкершілікпен қарау керек. Сала басшылары өзіне қатысты әр жобаның уақытылы әрі сапалы жүзеге асырылуын бақылауда ұстауы қажет. Арнайы комиссия жіберіп тексеретін боламыз. Қажет болған жағдайда, жұмысты уақытылы аяқтамаған мөрдiгер мекемеге шара көру керек. Бұған облыс әкімінің орынбасарлары, облыстық басқармалар басшыларымен қатар аудан әкімдері де тікелей жауапты. Басталған құрылыс жұмыстарын тиянақты орындап, мерзімінде пайдалануға беруді тапсырамын», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сонымен қатар облыс әкімі Қызылорда қаласындағы, аудандар мен барлық елді мекендегі мекемелердің сырт келбеті таза, заманауи талапқа сай болуы керек екенін ескертіп, олардың айналасын кәгалдандыру міндетін жүктеді.

Облыс аумағында мемлекеттік бағдарламалар, ұлттық жобалар және инвесторлар демеушілігімен бой көтерген жаңа нысандардың қатары көп.

ХАЛЫҚТАН АҚША ЖИНАУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Биылғы жылдың 16 сәуір күні кешкі сағат 20.00 шамасында Қызылордада су тасқыны қаупі туындаған Атырау қаласынан екі автобуспен 93 адам келді. Олармен жауапты басшылар кездесіп, көп ұзамай қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қарасты Зейнеткерлерге жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына 59 адам, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің жатақханасына 34 адам орналастырылды. Атыраулық қонақтардың барлық қажеттіліктерін жергілікті әкімдік қамтамасыз етуде.

Дәл қазіргі уақытта олардың керек-жарағына деп халықтан ақша жинаудың қажеті жоқ.

Екі мекен жайдағы адамдарға 3 мезгіл ыстық тамақ берілуде, барлығының денсаулығын дәрігерлер бақылауда алған. Қонақтардың ұсақ-түйек қажеттіліктерін жеткізіп беруді «AMANAT» партиясының облыстық филиалы қадағалауда. Жағдайды тұрақты бақылау үшін жауапты басқарма мамандары екі жаққа да арнайы барып, ахуалды назарда ұстауда.

Су тасқыны болған Ақтөбе облысына Сыр өңірі жұртшылығы 9,8 млн.тенге қаржылай, 67 млн.тенге азық-түлік пен заттай көмек көрсетті. Басқа облыстарға 50 млн.тенгенің қажетті заттары жіберілді. Нақты айтсақ Ақтөбе облысына 1, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарына 2, Атырау облысына 3 жүк көлігі аттанды. Оған қоса Батыс Қазақстан облысына 106 арнайы техника жөнелтілді. Арнайы техникалар бір тәулік ішінде әзірленіп, теміржол арқылы арқылы дiттеген жеріне жетті.

Мұнан бұрын су апаты болған аймақтарға 296 қызылордалық құтқарушы, 135 техника жіберілген болатын.

МЕРЕКЕЛЕРДІ ҚАЛАЙ ӨТКІЗЕМІЗ?

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте мамыр айындағы мерекелерді атап өту және кезекті оқу жылын қорытындылау мәселелері қаралды. Облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов мерекелер мен атаулы күндердің негізгі идеологиялық бағыттары бойынша баяндама жасады.

Аймақ басшысы іс-шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылуын назарға салды.

– «Мамыр айы Қазақстан халқының бірлігі күнімен басталып, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні мемлекеттік мерекелеріне ұласады. Мектеп бітірушілердің Соңғы қоңырау салтанаты, Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні аталып өтеді. Облыстық қоғамдық даму басқармасы қоғамдық-саяси маңызды іс-шараларды ұйымдастырып, өткізу жөнінде жоспар әзірлесін. Қызылорда қаласы және аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары жоспарға енген іс-шараларды сапалы, өрі мәнді етіп ұйымдастыруы тиіс. Қала, аудан, ауыл орталықтарындағы сквер, аллеялар және іс-шара өткізілетін аумақтар тазартылып, көркейтiлуі керек», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мәжілісте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына қала және аудан әкімдерімен бірлесіп мереке күндері кезекшілік ұйымдастыру, коммуналдық қызметтердің тұтынушыларға үздіксіз көрсетілуін бақылау тапсырылды. Облыстық полиция, төтенше жағдайлар департаменттері қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін күштік құрамның күшейтілген режимдегі жұмысын үйлестіріп, рейдтер ұйымдастыруы тиіс.

Облыстық білім басқармасы Соңғы қоңырау мерекесін және балалардың жағзы демалысын ұйымдастыруға қатысты іс-шаралар жоспарын әзірлеуге жауапты. Сондай-ақ, басқарма оқу жылының аяқталуына орай өткізілетін іс-шаралар, жағзы демалыс кезінде қоғамдық тәртіпті, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ықтимал жазатайым оқиғалар мен топтық төбелестің алдын-алу мақсатында күшейтілген режимде рейд жүргізуі керек.

“ЕШҚАНДАЙ ЗЕРДЕЛЕУ, ТАЛДАУ ЖОҚ”

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте білім саласының өзекті мәселелері талқыланды. Аймақ басшысы қала, аудан әкімдіктері жанындағы көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар жұмысын сынға алды.

– «2024 жылдың 3 айының қорытындысына қарағанда, облыста көмелетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыс саны өткен жылдың есепті кезеңінен салыстырғанда 10,5%-ға төмендеген. Дегенмен, жекелей алғанда кейбір қылмыс түрлерінің саны артқан. Қала, аудан әкімдіктері жанында көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар бар. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық, топтық төбелестердің алдын алуға тікелей жауапты болғанымен, жұмысы нәтижесіз. Ешқандай зерделеу, талдау жоқ. Комиссия мүшелері әдрестік-профилактикалық жұмыс жүргізбейді. Тек, мұғалімдер мен инспекторлардың зерттеулеріне сүйеніп, шешім қабылдайды. Мұны бала тағдырына бей-жай қарау деп есептеймін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақ басшысы қала және аудан әкімдеріне осы бағыттағы жұмысты шұғыл түрде бір жүйеге келтіру міндетін жүктеді. Алдағы уақытта комиссия қызметі бағаланғанда, профилактикалық шаралармен қатар, нақты әдрестік жұмыстар, нәтижелі индикаторлар есепке алынады. Облыстық білім басқармасы комиссиялардың есебін тоқсан сайын баяндап, соған сәйкес шешім қабылданады.

КИЕЛІ ОРЫНДАР ТАЗАРЫП ҚАЛДЫ

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында Сыр өңірінде «Киелі мекен» апталығы аяқталып, жалпыоблыстық сенбілік өтті.

Барлық елді мекенде тазалық жұмыстары жүргізіліп, саялы ағаш көшеттері отырғызылды. Облыс орталығында ұйымдастырылған сенбілікке 2570 адам қатысып, 16 техника жұмылдырылды, орталық полигонға 500 текше метр қоқыс шығарылды.

Еске салсақ, Сыр өңірінде «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында «Таза Қазақстан – таза аймақ» науқаны бастау алған болатын.

Акция 5 кезең бойынша өтуде. Әр аптаға «Таза өлке» апталығы; «Киелі мекен» апталығы; «Жасыл аймақ» апталығы; «Өнегелі ұрпақ» апталығы; «Мөлдір бұлақ» апталығы деп тақырыптық атаулар берілген.

«Киелі мекен» апталығы Шиелі ауданындағы Қаратау жотасының Бала Сауысқандық шатқалындағы Сауысқандық петроглифтері аумағында қорытындыланды.

Оған мәдениет, өнер саласының қызметкерлері, қоғам белсенділері, еріктілер, ауыл тұрғындары қатысты. Сенбілікте петроглифтер маңы тазартылып, көшет отырғызылды. Апталық кезінде облыстағы 300-ден астам тарихи-мәдени нысанда тазалық, танымдық шаралары өткізілді. Оған 40 мыңға жуық адам қатысты.

Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата



кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіш, Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға қойылған белгі, Амангелді Иманов, Жанқожа Нұрмұхамедұлы ескерткіштерінің аумағы көркем кейіпке енді. Ігі бастамаға аралдықтар да атсалысып, аудан тұрғындары Балықшылар музейінің ауласына тазалық және көркейтiу-кәгалдандыру жұмыстарын жүргізді, Әбдіжәміл Нұрпейісов музейі аумағын әктеп сырлады.

Қазалы ауданындағы Жанқожа батыр кесенесі мен Ф.Мұратбаевтың мемориалдық музейінің аумағында тазалық жұмысы қарқынды жүрді. Бұдан бөлек қазақ хандығының астаналарының бірі «Жанкент» қалашығы мен Бегім ана мұнарасы, Кердері кесенелерінің аумақтары да абаттандырылды. Қармақшылықтар түркі жұртына ортақ қасиетті мекен Қорқыт ата ескерткіш-кешені мен Марал ишан, Қалқай ишан кесенелеріне тазалық жұмыстарын жүргізді.

Жалағаш ауданында да Бұқарбай батыр, Ұлы Отан соғысы құрбандарына

арналған ескерткіш, Түмен әулие кесенесінің аумақтары тазартылды. Көшет отырғызылып, күл-қоқыс шығарылды.

Сырдария ауданының Асанас, Қышқала қалашықтары мен Қалжан Оқшы ата қорымының айналасында бастамаға тұрғындар белсене атсалысты. Шиелі ауданындағы киелі орын Оқшы ата қорымының айналасында тазалық шарасы ұйымдастырылды. Жаңақорғандағы Қорасан ата кесенесі, Сығанақ қалашығы мен тарихы терең мәдени ескерткіштер маңы қоқыстан тазартылды. Апта соңында Жалаңтөс Баһадүр ескерткіші, Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалды ескерткіш, С.Қожанов, Ы.Жақаев бюсттері мен Мұстафа Шоқай, Бұқарбай Естекбайұлы, Ғани Мұратбаев ескерткіштері, Батырхан Шөкенов атындағы саябақ жинақы қалыпқа келді. Негізінде облыс көлеміндегі көркейтiу-кәгалдандыру және санитарлық-тазалық сенбіліктері барлық елді мекенде көктемнің алғашқы күні 1 наурыздан бастау алып, тұрақты түрде жүруде.

"ҚАЗАЛЫ" ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өткен аптаның сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Қазалы ауданының өзекті мәселелері талқыланып, алдағы міндеттер айқындалды.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағыты, құрылыс нысандары туралы баяндады.

Биыл ауданда бюджет қаражаты есебінен 12 нысан салынауда. Оның ішінде өткен жылы басталған 4 нысан құрылысы жалғасуда, биыл 8 жаңа нысанның іргетасы қаланбақ. Нәтижесінде ауданда 3 спорт кешені, 1 ауылдық клуб, баспанға мұқтаж тұрғындарға жаңа пәтерлер салынып, инфрақұрылым желілері жүргізіледі.

Тұрғындарды толғандырған мәселе – аудандық маңызы бар «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Көкей» автомобиль жолының 16-шақырымындағы «Қарлан» уақсесінен Сырдария өзені арқылы көпір құрылысы. Аймақ басшысы тиісті басқарма басшысы мен аудан әкіміне аталған құрылысты жаңғырту және талапқа сай етіп аяқтауды тапсырды.

Мұнан бөлек биыл аудандық маңызы бар «Әйтеке би-Қазалы», 7,1 шақырым автомобиль жолын қайта жаңғырту жоспарлануда. Жобада жолды жөндеу, жарық бағаналары мен автобус аялдамаларын орнату, 2 көпір және 2 су өткізу құбырын қайта жаңғырту қарастырылған.

Аймақ басшысы құрылыс жұмыстарының сапасын, өрі кестеге сәйкестігін қатаң қадағалауды тапсырды. Сондай-ақ, биылғы «Руханият жылында» барлық ауданда салынатын «Руханият» орталықтарының құрылысына ерекше назар аудару қажет. Қазіргі уақытта барлық ауданда неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйінің басын біріктіретін, құны 11 млрд. 500 млн. теңгені құрайтын «Руханият» орталықтары салынауда. Бұл орталықтарға көпшілік жиналып, бос уақытын өткізеді, тәжірибе алмасады. Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша Қазалы ауданы Жанқожа батыр ауылындағы 300 орындық мектеп пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының ортасындағы 600 орындық мектеп құрылысы басталады.

ЖЕКЕМЕНШІК БАЛАБАҚШАЛАРДЫ ЗАҢДАСТЫРУ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте аймақтағы білім саласының өзекті мәселелері, оның ішінде жекеменшік балабақшаларды заңдастыру барысы талқыланды. Аймақ басшысы жекеменшік бөбекжайларының басым көпшілігінің нысаналы мақсаты кәсіпкерлік болып өзгертілгенін атап өтті.

– «Аймағмызда қазіргі таңда 460 жекеменшік балабақша жұмыс жасайды.

Оның 416-ның немесе 90,4%-ның нысаналы мақсаты кәсіпкерлікке өзгертілген. Қалған 44 балабақшаның рәсімдеу жұмыстары заң талаптарына сай жүргізілуі тиіс», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Нысаналы мақсаты өзгертілмеген балабақшалар Қызылорда қаласында, Жаңақорған мен Жалағаш аудандарында. Сондықтан жауапты тұлғаларға мәселені бақылауға алу тапсырылды.

КАМЕРА – ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен бейнебақылау камералары мен аналитикалық жүйені енгізуді ұйымдастыру бойынша жиын өтіп, сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

Аймақ басшысы цифрлық технологияларды енгізу арқылы сервистерді оңтайландыру тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға және қауіпсіздік мәселесін шешуге бағытталуы тиіс екенін атап өтті.

– «Облыстық полиция департаменті «Сергек» жобасына сәйкес бейнебақылау камераларын орнату бойынша мемлекеттік-жекеменшік әріптестік келісімінің заңды құжаттары рәсімделгенге дейін үш пилоттық жоба ретінде екіжақты меморандум арқылы осы жылдың 1 тамызына дейін толық іске қосуы керек.

Сонымен бірге мемлекеттік-жекеменшік әріптестік конкурсының жұмыстарын да 1 тамызға дейін аяқтау міндеттеледі. Барлық аудандағы кіші жедел басқару орталықтарын жөндеуден өткізу және заманауи құрылғылармен қамтамасыз ету мәселесін пысықтап, тиісті ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Жасыратыны жоқ, көпшілік арасында «бейнебақылау камерасын көбейту айыппұл салып, қаржы жинауды көздейді» деген біржақты қате түсінік бар. Алайда, біз үшін тұрғындардың қауіпсіздігі аса маңызды», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жыныда облыстық полиция департаменті бастығы, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері мәселеге қатысты сұрақтарға жауап беріп, атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Қазір Қызылорда қаласында Жедел басқару орталығына қарасты 272 бейнебақылау камерасы жұмыс

жасайды. «Әкімшілік өндірістің бірыңғай тізгімі» (ЕРАП) бойынша термопринтер және планшеттермен, «Электронды қылмыстық іс» жобасы шеңберінде техникалық құрал-жабдықтармен 100% қамтылған. Тағы 20 «Аркан» стационарлық жылдамдық өлшегіші, 5 интеллектуалды қиылыс орнатылған.

«Қауіпсіз қала» жобасын жүзеге асыру мақсатында былдан бастап Қызылорда қаласындағы қоғамдық орындар мен көпқабатты үй аузаларына 1400 бейнебақылау камерасы, 19 интеллектуалды қиылыс, 58 стационарлық жылдамдық өлшегіш қондырғы, 20 Sergek Qorgau мобильді жұмыс орны орнатылады.

Жедел басқару орталығын қайта жаңғырту жоспарлануда. Бұл – тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қылмыс пен бұзақылықтың алдын алу үшін қолға алынған шара.

Сондай-ақ, жоба бойынша демеушілік есебінен тұрғындардың игілігі үшін халық көп шоғырланатын қоғамдық орындарды тегін Wi-Fi желісімен, интеллектуалды көлік жүзесімен және IT park ғимаратын заманауи техникалармен жабдықтау жоспарланып отыр.

Бұдан былай Sergek Qorgau мобильді қосымшасы арқылы жол-патрульдік полиция қызметкерінің планшетінде көлік және жүргізушінің барлық деректері (жүргізу куәлігі, сактандыру, техосмотр, мем.нөмір, бұзушылықтары) қолжетімді болады. Бұл жол-көлік ережелерін қатарынан бірнеше рет бұзу фактілері белгілі болғанда 5 минут ішінде «Қауіпті жүргізуші» статусын анықтауға және көлікті оперативті түрде ұстауға мүмкіндік береді.

БАТЫСҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР АРАЛДЫҚТАР ҚАМҚОРЛЫҒЫНДА



Су тасқынынан зардап шеккен Батыс Қазақстан өңірінен 17 сәуір күні 103 оқушы мен 10 жетекші «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығына келген болатын.

Балалар жайлы бөлмелерге орналасқан. Орталықта барлық жағдай жасалған. Жатын орындарда санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, 5 мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырылуда. Балалардың ыстық тамағына Қызылорда қаласының кәсіпкері демеушілік жасаса, оқу процесін ұйымдастыруға Арал аудандық білім бөлімі жанынан жасақталған волонтер-мұғалімдер, атап айтсақ, №73 «Аманоткел», №21 «Қамбаш», №67 «Қосжар», №20 «Бөген», №63 «Ақбай» мектептерінің қызметкерлері атсалысуда. Сонымен қатар, орталық мамандары дене шынықтыру, музыка сабақтарын, «Қаржылық сауаттылық» курсы, психологиялық жұмыс және тәрбие сағаттарын кесте бойынша өткізеді. Түстен кейінгі ауысымда «Шебер қолдар», «Волейбол», «Футбол», «Қамбаш Медиа», «Бейнелеу», «Би», «Робототехника» үйірмелері жұмыс жасайды.

Балалар сабақпен қатар тәрбие шараларына да қатысуда. Күндіз ұзақ үзіліс кезінде түрлі ойындар ойнатылса, кешкілік «Биле, Қамбаш», «Ертегілер елінде», «КиноКеш», «Болмасаң да ұқсап бақ» сияқты байқаулар өтуде.

Демалыс күні оралдық оқушылар Арал қаласына саяхаттады. Алдымен аудандық тарихи-өлкетану музейіндегі құнды жәдігерлермен танысты. Балықшылар алдесындағы «Балықшылар монументі», кемелер жанында естелікке фотоға түсті. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің әдебиет үйінде жазушының шығармалары туралы кеңірек білді. Саяхат кезінде Арал қаласының кәсіпкер қыздары дайындаған дастарханынан дәм татып, Арал аудандық оқушылар үйі тәрбиеленушілерінің концертін тамашалады.

Оқушылар Батыс Қазақстан облысының Теректі және Қаратөбе аудандарындағы Подстепный, Аңқаты және Аққозы ауылдарынан келген.

ЗЕЛЕНАЯ КЫЗЫЛОРДА - НЕ РОСКОШЬ, А НЕОБХОДИМОСТЬ

Сложности с озеленением Кызылорды и поливом насаждений, а также участков частного сектора чаще других обсуждаются в социальных сетях жителями города. Деревьев в населенном пункте сажают тысячи, выживают немногие, и даже не из-за засушливого климата, а из-за нерегулярного полива и безграмотного ухода. А жители частного сектора вынуждены поливать огороды питьевой водой из-за того, что городская арычная сеть сформирована неактуально, где-то воды – хоть залейся, а где-то ее вовсе нет. Учитывая засушливый климат, озеленение важно для нашего города. И организацией полива зеленых насаждений по всей территории Кызылорды местные исполнительные власти занимаются планомерно.

«ЗЕЛЕННЫЙ КАЗАХСТАН»

Один из национальных проектов, срок окончания которых намечен на конец 2025 года, – «Зеленый Казахстан». Еще в 2020 году Президент Касым-Жомарт Токаев назвал конкретные цифры – в течение пяти лет в стране должно быть посажено два миллиарда деревьев в лесном фонде и 15 миллионов – в населенных пунктах.

Средства, ежегодно выделяемые на озеленение, не приносят пропорционального этой сумме результата, а яркие и красивые цветочки не делают областной центр тенистым оазисом с полноценными «зелеными легкими».

Общественники и активисты Кызылорды не сидят, сложа руки, и вносят свой посильный вклад в озеленение областного центра. Многие из них ратуют за рациональное озеленение города за счет эффективного использования выделяемых из бюджета средств. Один из активистов – Ерлан Мусаев.

Один из первых объектов, проблеме озеленения, полива и благоустройства которого старался решать вместе с коллегами-общественниками, – это парк имени Батырхана Шукенова, расположенный при Дворце школьников, – делится он своими воспоминаниями. – Совместными усилиями горожан при поддержке исполнительной власти этот вопрос удалось решить положительно. Неравнодушный предприниматель выделил средства на посадку там газона и организацию полива и уход за ним. На это потребовалось около пяти миллионов тенге. Сейчас же в рамках работ по озеленению города направляются значительные средства на цветочки, срок жизни которых очень недолог. Считаю такое использование средств нецелесообразным.

Как считает Е.Мусаев, при отчете о работе по озеленению города должны учитываться и оплачиваться только прижившиеся саженцы. Если подрядная организация не согласна с такой постановкой вопроса, найдется другая, более профессиональная и готовая дать реальный результат.

Помимо парка имени Батырхана Шукенова, активисты-общественники буквально подарили вторую жизнь парку железнодорожников, который был заброшен около 20 лет. Теперь там посадили деревья и газоны и, по мнению нашего собеседника, при должном уходе через пять лет там будет маленький зеленый оазис, где смогут отдохнуть жители прилегающих районов.

